

Қазақ халқының ПСИХОЛОГИЯСЫ

Орындаған: Утегалиева Г.А

Психология 19.629

Тексерген: Көшербаева Г. Н

Қаралатын мәселелер:


1. *Психология дегеніміз не?*
2. *Психология сөзі және осы ғылым қайдан шыққан?*
3. *Ұлт психологиясы туралы не айтуға болады?*
4. *Өзге ұлттардың және қазақ ұлтының психологиясы қандай?*
5. *Батыстың психология ғылымы және оның оқыту жүйесі қазақтың, шығыстың менталитетіне, дүниетанымына, ділі мен дініне сай келе ме?*

«**Психология**» ғылымының түбірі гректің «псюхе» деген сөзінен шыққан. «Псюхе» сөзі қазақ тіліне аударғанда «жан», «рух» деген мағынаға келеді. Ал, «психика» сөзі - «псюхе» сөзінің орыс тіліне ыңғайланған түрі.



Мәселен, АҚШ, Еуропа халықтары «псюхелі адам» (яғни, рухты адам), «психологиялы адам» (яғни, руханиятты адам) десе, орыс терминдеріне сүйенген қазақша оқулықтар мұны «психикасы күшті адам» (яғни, ми қызметі күшті адам), «психологиясы бай адам» (яғни, ми бейнесі бай адам) деп түсіндіреді. Яғни, «**псюхе**» мен «**психика**» және «**психология**» атауларының өзі әр елде әртүрлі мағынада бола алады екен. Бірақ, бұлардың барлығының да зерттейтін саласы бір десе де болады

Ал, енді, ұлттық психология жөніне келетін болсақ, бұл - белгілі бір ұлт өкілдеріне тән, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын мінез-құлық пен психологиялық қарекет ерекшеліктері. Мәселен, орыс пен қазақ халықтарының психологиясын алып қарайық. Алдымен орыстар жөнінде аз ғана сөз қозғасақ, 1718 жылы орыс әскерінің тұтқынына түскен швед әскерінің полк діндары Генрих Седеберг мынадай естелік жазып қалдырыпты



: «Орыс халқы негізінен барлық істе табиғи ерекшелігімен дараланады. Олардың көбісі шешен болып келеді. Кез-келген шаруада оның өзіне пайдалы тұсын ғана ерекшелеп алатын әбжілдігі бар. Қатардағы орыс шетелдіктермен істес бола қалса, бас пайдасы мен жат жұрттықтарға қалай жақсы көріну жағын ойлайды. Байқампаз, адамның іштегі есебіне көз жүгірте білетін олар, қарсыласының осал тұсын аңғарса, оны асқан шеберлікпен өз мақсатына пайдалана қояды... Қатардағы орыс азаматы өзімен теңдесін кезіктірсе де бас иіп, ілтипатпен елпектеп жатады...». Міне, осы бір ғана естеліктің өзінен-ақ орыс халқының мінез-құлқы, жан-дүниесі туралы көп мәлімет алуға болады.

Ұлттық мінездің нышандары

- ▶ Ал енді қазақтың ұлттық психологиясы туралы не айтуға болар еді? Әрине, бұл екі ұлттың мінез-құлқы бір-біріне көбіне сай келе бермейді. Ұқсастығынан гөрі айырмашылығы көп. Мәселен, қазақтар өзінің «бас пайдасын ғана» ойламайды, онымен қатар ағайын-туыстарының, ел-жұртының да қамын ойлай жүреді. Бірінің басына қиындық, қайғы-қасірет түссе, оны барлығы бірлесе жұбатып, жәрдемдесіп, қайғысын көтеріседі. Ал, егер бірінің басына қуаныш келсе, оны да бірге тойлап, қуанышын бөліседі. «Ағайын - бір өліде, бір тіріде» деп, бір-біріне мал-жанымен, жылы сөзімен қарайласа жүреді. Алда-жалда, қазақтың қандай да бір азаматы ағайын-туысына қарайласпай, қарақан басының ғана қамымен оқшауланып кетсе, ондай адамды қазақ қоғамы қатты айыптайды. Қазақтың бұл мінезін:
Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін!
Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисін!
Бай болып, халқыңа пайдаң тимесе,
Батыр болып, жауыңа найзаң тимесе, Жұрттан ала бөтен үйің күйсін! - деп Төле бидің атынан айтылған шумақтарынан-ақ анық аңғаруға болады. Өзінің ұзаққа созылған тарихындағы қалыптасу жолында қазақтар да өзге халықтар секілді қадір тұтуға жарайтын ұлттық психологиялық «кешендерді» бойына сіңіріп келді. Оның қатарында ұлттық мінездің көптеген нышандары - жауынгерлік мінез, кеңпейілділік, бауырмалдық, мейірімділік, жомарттық, қонақжайлылық, балажандық, сонымен қатар, батырларға тән ақкөңілдік пен аңқаулық, тағы басқа да көптеген жағымды қасиеттер бар.

Қазақ халқының жауынгерлік мінезі

- Жоғарыда айтылған қасиеттердің бірқатарына тоқтала кетсек, алдымен жауынгерлік мінезі туралы көп айтуға болады. Әдетте, қазақтың бойында «бұғып» жататын бұл мінезі онша байқала бермейді. Бейбіт күнде бұл мінезді сауықшыл, мейірман, қонақжай, ақкөңіл мінездері «тұсаулап» ұстап отырады. Ал, алда-жалда ел басына күн туа қалғандай болса, әлгі «бұғып жатқан» жауынгерлік мінез аяқ астынан атай салып, буырқанып, «тұсауды» үзіп шыға келеді. Мұны Қазыбек бидің жоңғар хонтайшысына айтқан әйгілі шумағынан анық аңғаруға болады: Біз - қазақ, ежелден мал баққан елміз, Жылқы айдап, той-тойлап, жай жатқан елміз. Ел шетін, басынып, кенеттен жау тисе, Дұшпанды аяусыз жайратқан елміз!



Қазақтың бойында мұндай жауынгерлік мінездің қалыптасуына оның ғасырлар бойы жан-жақтан түрлі шапқыншылықтарға жиі ұшырап келуі себеп болды. Қазақтар сол шапқыншылықтардың барлығынан да ынтымақ-бірлігінің, ержүректілігінің арқасында біржола жойылып кетпей, аман шығып отырды. «Шөлмек мың күнде сынбайды, бір күнде сынады» дейді атамыз қазақ. Немесе «Таяқтың екі ұшы бар», «Біреуге ор қазба - өзің орға түсесің» деп те тәмсілдейді. Расында да, кезінде қазақты құл қылғысы келген, қырып-жойғысы келген халықтар мен империялардың өздері ақыр соңында тып-типыл болып кетті. Бұған үш ғана мысал келтірсек те жеткілікті болса керек. Қазақ халқы басымшылыққа шыдап-шыдап келіп, ақыры жаппай бір көтерілгенінде, яғни XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылары жер бетінен біржола жойылып кетті. Ал, 1916 жылы көтерілгенінде, арада бір жыл өтпей-ақ, Ресейдің қол астындағы отар елдерді 300 жыл бойы езіп-жаншып келген Романовтар империясы күйреді. Одан кейін билікке келген Кеңес үкіметі де ұлттарға теңдік беру жөніндегі алғашқы ұстанымдарынан айнып, үш жарым миллион қазақты қырып-жойып, тізе батырып келіп еді, 1986 жылғы қазақ жастарының Желтоқсан көтерілісінен кейін бес жылға жетпей-ақ «желкесі үзіліп» тынды. Мұның барлығы да қазақ халқының бойында жауынгерлік мінездің, баһадүрлік қасиеттердің тұнып тұрғанын көрсетеді.

Қонақжай мінезінің шарапаты

Қазақ халқы бүгінгі ұрпаққа аманат болып қалған Алтайдан-Атырауға, Арқадан-Алатауға дейінгі ұланғайыр жерді тек жауынгерлік мінезімен ғана сақтап қалған жоқ, бұған оның кеңпейіл, қонақжай мінезі де көп әсер етті. Мұны атам қазақ «Кең болсаң, кем болмайсың!», «Қонақпен бірге он ризық-несібе келіп, оның тоғызы сол үйде қалады» деп түсіндіреді. Қазақтың бұл ғажайып қасиеті жөнінде батыстың әйгілі жиһанкез ғалымдарының бірі таң қалып: «Егер, мені әлемдегі мемлекеттердің бірін ешқандай да жолқаржысыз аралап келесің деп жұмсаса, онда мен Қазақ елін таңдаған болар едім. Өйткені, қазақ халқының қонағын керемет сыйлайтындығы сонша, ұлан-ғайыр елдің бір шетінен екінші шетіне аш-жалаңаш қаламын-ау деп қорықпастан кете беруге болады. Даласы қандай кең болса, олардың пейілдері де, дастархандары да сондай кең!» - деп жазып қалдырыпты



Иә, қазақ халқы қонақты үшке бөледі. Біріншісі - арнайы қонақ, олар - арнайы шақыртумен келген қонақтар; екіншісі - құдайы қонақ, бұлар - жолаушылар, сапарлап жүрген кездейсоқ қонақтар; үшіншісі - қыдырма қонақтар, бұлар - қай үйде ет асылып, тамақ пісіріліп жатса, соны аңдып, піскен кезінде бара қоюды әдетке айналдырған кезбе қонақтар. Бұлардың алғашқы екеуі сыйлы қонақтар болса, соңғысы - сыйсыз қонақтың қатарына жатады. Қазақ халқы мұндай қонақтардың да ара-жігін ажыратып, «Шақырғаннан қалма, шақырмаса барма», «Шақырғанда бармасаң, шақырғанға зар боларсың!» деп түйіндейді. Қазақтың қонақжайлылық, кеңпейіл, бауырмал мінезін түрлі жағдайлармен қазақ еліне келіп қоныстанған және келіп-кетіп жатқан өзге ұлттардың өкілдерінің бәрі, сондай-ақ, көптеген зерттеушілер ризашылықпен атайды. Қазақ халқы осыншалықты қонақжай, кеңпейіл болғанмен, өмірде әрнәрсенің өз өлшемі, әдет-ғұрып пен салт-сана, имандылық пен иба дегендердің де бар екенін ұдайы еске түсіріп отырады. Өйткені, әр елдің ішінде телі-тентегі мен жөн-жосықты ескермейтін есерсоқтары болып тұратынын жақсы біледі. Әрі ондайларға байланысты «Жаман үйді қонағы билейді», «Есіктен кіріп төр менікі деме!» дей отырып, қонақты да өз сыйын, өз жөнін біліп отыруға шақырады. Қазақтың қонақжай мінезін бір сөзбен түйіндей айтқанда, «Келгенше қонақ ұялады, келгесін үй иесі ұялады» дей отырып, қонаққа барудың да, қонақ күтудің де, адам баласына зор жауапкершілік жүктейтінін аңғартады.

Қазақтар неге балажан?



Қазақтың бойындағы кейбір ұлттардан, мәселен, орыстардан өзгеше тағы бір қасиеті - оның тым балажандығы. Әр үйде оншақты баланың улап-шулап ойнап жүргенін қалайтын қазақ азаматтары әйелі бала көтермей жатса қатты қайғырады. Ал, жасатқан ем-домы шипалы болып, перзент сүйіп жатса, астындағы жалғыз атын болса да сойып, құдайы тарататын мәрт мінезі бар. Қазақтар өздерінің мұншалықты балажан мінезін «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп тәмсілдейді. Сөйте тұра балалары тәрбиесіз, залым болып өсе бастағандай болса, «Я, Алла, бала бер, бала берсең - сана бер, сана бермесең - ала бер!» деп, қажетті жерінде өзегін жарып шыққан өз баласына да қатаң бола біледі

Бұл қасиетін жаугершілік замандарда, алда-жалда қапы қалып жаудан қаша қалса, атының артына мінгестіріп келе жатқан баласын: «Атасы бөлек, аттан түс!» деп тастай салып, артына жолда қалған бір туған бауырын мінгестіріп кететін мінезінен де байқауға болады. Сөйте тұра біртуған бауырына деген мұншалықты мейірбандығының да өз жөн-жосығы, өз шегі бар. Өйткені, қазақ халқы қашан да әділдікті, адалдықты қалайды. Соны өзгеден де, өзінен де талап ете біледі. Мұны қара қылды қақ жарар әділ билердің өз туыстарына билік кесерде: «Тура биде - туған жоқ!» дей отырып, бір анадан туған бауырларына да бұра тартпай, тура тартатын қатал үкімдерінен анық аңғарасыз. Міне, осы аз ғана шолудың өзінен аңғарғанымыз - қазақтың мінез-құлқы, ұлттық ерекшеліктері, яғни ұлттық психологиясы оның ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде ауызша жетіп, ауызша таралып келе жатқан мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерінде тұнып тұр. Яғни, қазақ халқының ұлттық психологиясын білгісі келген адам, ең алдымен оның жазылмаған заң іспетті «том-томдаған» мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерін, батырлар жыры мен шешендік сөздерін тереңірек білсе жетіп жатыр. Сонда ғана ол ұлттың өзіне ғана тән ерекше бет-бейнесін, мінез-құлқы мен жан-дүниесін анық аңғаратын болады.

Жан-дүниені зерттеу үшін...

- Еліміздегі психология тақырыбында қалам тартып жүрген психолог мамандардың бірі Төлебек Қалыбай «Түркология» ғылыми-зерттеу орталығы тарапынан шығарылып келген «Қазақтану» атты халықаралық ғылыми журналында (№2 (03) 2007): «Адамның рухани дүниесін зерттеу ісі - бұл, өзге ғылымдардағы зерттеулерге қарағанда, аса үлкен ерекшеліктерге ие. Өйткені, рух пен руханият, көрінбейтін, өлшенбейтін болғандықтан, оларды жанама жолмен, яғни, тән, тіл және дін білімдерін үйлестіре пайдалану арқылы зерттейміз. Тілтану, тәнтану және дәрігерлік білімдерге қоса рухани дүниенің өз заңдылықтарын қарастыратын діни білім, дәлірегінде Ислам білім қорын оқып-үйрену қажет. Өйткені, денсаулығы нашар болса да, қол-аяғы мүгедек болса да немесе басына небір ауыр жағдайлар түссе де сабыр сақтап, тақуалық пен шыдамдылық үлгісін көрсететін рухты, руханияты бай адамдар дін өкілдері арасынан молынан табылады. Ендеше, руханияттың ең сенімді ғылыми тірегі дін болып саналады. Еуропа елдерінде христиан дініне сүйенген психология кеңінен дамыған. Ал, қазақ халқы үшін Ислам дініне сүйенген руханият ғылымының дамығаны жөн. Өйткені, діннен хабарсыз, бірақ, тілтану, дәрігерлік білімдерді игерген ғалым кісі біреудің иманды-имансыз екенін немесе рухани тура жолда екенін, я болмаса, адасушы екенін ажырата алмайды. Яғни, тіл және дәрігерлік білімге қоса ислами білімді де игеру - адамның рухани жан-дүниесін толықтай зерттеуге жол ашады», - дейді. Әрине, қазақтың ұлттық психологиясы жөнінде бір ғана мақалада барлығын қамтып жазу мүмкін емесі анық. Сондықтан бұл тақырып аясында өзге де мамандар мен оқырмандар өз ой-пікірлерін, тұжырымдарын басылымдарға ұсынып жатса, нұр-үстіне нұр. Біздікі теңіздей терең ғылымға өз тарапымыздан тамшыдай болса да, бір үлесімізді қоссақ деген ниет болды.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!

**Қанат Исаев еңбегінен алынды.
(М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің педагог-психологы)**